

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 663 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 8 мамырда № 7-1-231 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 27 қыркүйектегі № 2412 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 27.09.2012 № 2412 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 5 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" Заңының 5 бабының 3 тармағының 3 тармақшасына және "Орал ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2012 жылғы 6 ақпандағы № 9-8 ұсынбасына сәйкес, қала әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қосымшаға сәйкес өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

2. "Орал қаласының ауыл шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа е н г і з і л е д і .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Орал қаласы әкімінің орынбасары А. Құттұмұрат-ұлына жүктелсін.

Қала әкімі

Б. Шәкімов

Қ а л а

ә к і м д і г і н і н

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 9

н а у р ы з д а ғ ы

№ 663 қаулысына қосымша

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімінің түрлері бойынша егіс жұмыстарының

басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылықтарының атауы	Бірінші табиғи-климаттық аймақта (құрғақшылық-далалық) егіс жұмыстарының басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімі	
		басталуы	аяқталуы
1	Жаздық бидай	15.05.12	25.05.12
2	Күздік бидай	20.08.12	10.09.12
3	Күздік қара бидай	05.08.12	20.08.12
4	Арпа, сұлы	05.05.12	10.05.12
5	Тары	15.05.12	25.05.12
6	Ноқат	10.05.12	15.05.12
7	Күнбағыс	10.05.12	15.05.12
8	Көп жылдық шөптер	05.05.12	08.05.12
9	Судан шөбі	15.05.12	20.05.12
10	Картоп	10.05.12	05.06.12
11	Көкөніс	15.05.12	15.06.12

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК